

ОЙЫЛ

«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН»

ӘР ҮЙДЕГІ ТӘРБИЕДЕН БАСТАЛАДЫ!

«ЖАЗҒЫТҰРЫ ҚАЛМАЙДЫ ҚЫСТЫҢ СЫЗЫ» ДЕГЕНМЕН, ТІКЕ ТҮСКЕН КҮННІҢ КӨЗІ ЖЕР БЕТІНДЕГІ ТІР-ШІЛІККЕ КҮННЕН-КҮНГЕ СӨН БЕРІП ЖАТЫР... БІРАҚ, ҚАР КЕТКЕННЕН КЕЙІНГІ «ӨТТЕГЕН-АЙЛАР» ДА БАР. ҚЫС БОЙҒЫ ҚАРДЫҢ АСТЫНА ТЫҚҚАН «ҚЫЛЫҒЫМЫЗДЫҢ» АРЫҚПЕН АҒЫП КЕТКЕНІНЕН ҚАЛҒАНЫ ӘР ЖЕРДЕН ҚЫЛАҢ БЕРДІ.



Мемлекет басшысының бастамасымен «Таза Қазақстан» акциясы жыл бойы жүргізіліп жатыр. Бірақ, біздің ортақ мүлікке, қоғамдық меншікке деген көзқарасымыз өзгермей тұр. Анасындай, әкесіндей адамның еңбегін бағалау да екінші сатыда тұр. Жуырда, балабақшадан баласын жетектеп шығып келе жатқан жас келіншек сусынның құтысын жолдың жиегіне тастай салды. Оны көрген бес жасар баланың да солай жасамасына кепілдік жоқ. Тақырыптың «Таза Қазақстан» әр үйдегі тәрбие-

ден басталады! - деп тікелей қойылуы да сондықтан! Сонымен қатар, биылғы жылдың 28 наурызы күні аудан әкімінің өкімімен ауданның елді-мекендері аумағында көгалдандыру, санитарлық тазарту және абаттандыру шараларын ұйымдастыру туралы 29 наурыз бен 31 мамыр аралығында екі айлық жарияланды. Айлықтың аясында 19 сәуір күні «Бүкіл қазақстандық орман отырғызу күніне» және «Жасыл жапырақ» акциясына атсалысу мақсатында көгалдандыру жұмыстары жүргізіледі. Әрине,

талды есеп үшін егу бар, оны күтіп өсіру бар. Көп әріге бармай-ақ, соңғы он жылда аудан аумағында есеп үшін егілген талдарды күтіп, баптағанда ендігі орманның ортасында отыратын едік... Жақында бір әнге Ойылдың үстінен түсірілген бейнебаянды көрдім. Саябақтар мен Ойыл кәсіптік колледжінің аулалары болмаса, басқа жерлерде тал әр жерде қылтияды. Шөлейтті аймақтағы ауыл сияқты. Жаңа құрылыс жақ тіпті «тыржалаңаш». Сондықтан, жоғарыдағы екі акцияға да әр

аула атсалысуы тиіс. Әркім өз ауласына тал егіп, оның өсіп кетуіне күтім жасаса құба-құл! Тіпті жеміс ағаштарын неге екпеске?» Атадан мал қалғанша, тал қалсын!» дегендей, ертеңгі күні жемісін балаң, болмаса немерең жеп, «менің атамның алмасы!» деп марқаймай ма? Қазақстанның оймақтай бір бөлшегі - Ойыл біздің ортақ үйіміз! Бұл ортақ үйдің тазалығына біріміз бірдей жауаптымыз!

С. ХАМЗИН,
Ойыл селосы.

ӘСКЕРІ БӨЛІМ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНЕ ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ



Аудан әкімінің орынбасары Саян Сапарұлы Ойыл ауданына көмекке келген Алматы облысы Жамбыл ауданы Ұзынағаш ауылында орналасқан ҚР ТЖМ 28237 әскери бөлімінің қызметкерлері, және Ақтөбе облысы Құршасай ауылында орналасқан ҚР ТЖМ 20982 әскери бөлімінің қызметкерлеріне

ризашылығын білдіріп алғыс хатпен марапаттады. Су тасқынының алдын-алу шараларында жедел әрекет ету, тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында атқарған еңбектерін атап өтіп, жауапты қызметтерін атқарудағы біліктіліктері мен жауапкершіліктері үшін алғысын білдіріп, сәттілік тіледі.

ҚАРАТАЛДЫ СУ ТАСҚЫНЫНАН ҚОРҒАУ ҮШІН 4 ШАҚЫРЫМ БӨГЕТ САЛЫНДЫ



Өйткені, Қаратал ауылы екі жыл қатарынан көктемгі су тасқынынан зардап шеккен еді. 2024-2025 жылғы көктемгі су тасқынына қарсы іс-шаралардың Жол картасын іске асыру аясында Ойыл ауданы Ш. Берсиев атындағы ауылдық округіне қарасты Қаратал ауылында өзен суының тасуынан қорғану үшін бөгет салынды. Жобаның бас мердігері - «Ararat Group» ЖШС. Құны 866 млн. теңге. «Қараталдағы бұлтырғы жылы салынған бөгет құрылысы 2024 жылдың желтоқсан айында толық аяқталды.

Ұзындығы 4 шақырымды құрайды. Енді су бұрынғыдай ауыл ішімен өтпей, арнайы салынған су бұру арналары арқылы айналып өтіп, өзен арналарына құйылуда. Бұл шешім ауыл тұрғындары үшін қауіпсіздікті арттырып, су тасқыны қаупін азайтты», - дейді ауыл әкімі Әділбек Избасов. Бұлтыр Ойыл ауданында тасқын судан 328 үй зардап шекті. 172 үй жаңадан салынып, 135 үй екінші нарықтан сатып алынды. 21 үйге қайта жөндеу үшін қаражат бөлінді. Қаратал ауылында 126 жаңа үй салынды.

БІРЛІК ПЕН ІЗГІЛІКТІҢ МЕРЕКЕСІ

ОРАЗА АЙТ – ТЕК ДІНИ МЕЙРАМ ЕМЕС, ХАЛҚЫМЫЗДЫ БІРІКТІРЕТІН, ЖҮРЕКТЕРГЕ ЖЫЛУ СЫЙЛАЙТЫН КҮН. БҰЛ МЕРЕКЕ – АДАМДАРДЫҢ БІР-БІРІНЕ ДЕГЕН ҰҚЫЛАСЫ АРТЫП, МЕЙІРІМ МЕН РАҚЫМҒА БӨЛЕНЕТІН УАҚЫТЫ. БИЫЛҒЫ ОРАЗА АЙТ МЕРЕКЕСІНДЕ ОЙЫЛ АУДАҢДЫҚ МЕШІТІНДЕ АЙТ НАМАЗЫ ОҚЫЛЫП, ҰЛТТЫҚ ДӘСТҮР МЕН ДІН САБАҚТАСҚАН МЕЙРАМҒА АЙНАЛДЫ.



Мешітке жиналған жамағат мерекені ерекше қуанышпен қарсы алып, бір-біріне ақжарма тілектерін арнады. «Береке – бірлікте, қуаныш – ынтымақта» деген халық даналығы дәл осы айт мерекесіне сай келеді. Өйткені бұл күн – тек

ауыз ашып, мерекелік дастархан жаю ғана емес, рухани тұрғыдан жаңарып, адамгершілік құндылықтарды дәріптейтін кезге айналды. Мереке аясында қазақтың ұлттық ойындары ұйымдастырылып, жастар мен үлкендер

сайысқа түсті. Садақ ату, ләңгі тебу, қол күрес, арқан тартыс, асық ату сынды ұлттық ойындарға жиналған қауым бір ауыздан ат салысты. Жастар осы жарыстар арқылы тарих пен дәстүрге тағы бір қадам жақындай түсті. Сон-

дай-ақ, мерекелік жиында тұсау кесу рәсімі өткізіліп, бүлдіршіннің болашағына ақ жол тілеген ізгі ниеттер айтылды. Бұл – қазақ халқының бала тәрбиесіне қаншалықты мән беретінінің жарқын көрінісі. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің» демекші, ата-бабамыздан жеткен осындай дәстүрлер – жұпқа сабақтастығының айқын белгісі. Шара барысында данагөй ақсақал Өтеген Сағатов ақ батасын беріп, жұртшылыққа амандық, ынтымақ, береке тіледі. Қазақ халқы үшін батаның орны бөлек. Баталы ел – рухани бай, болашағы жарқын ел. Осы күні айтылған ақ тілектер жүректерге жетіп, көптің көңілінде жылулық қалдырды. Мейрам одан әрі дастархан басында айтылған әңгіме, тілектер және ризашылықтармен жалғасты. Дастархан басы - ынтымақ пен достықтың, татулық пен мейірімнің тоғысар мекені. Дастархан басындағы әңгіме, жайылған ақ тілектер адамдардың арасын жақындастыра түсті. Осы күні әрбір жан мерекенің шуағы-

на бөленіп, бірге болудың, жақындарымен қуанышты бөлісудің шынайы маңызын тереңнен ұғынды. «Досыңды үш күн іздемесең, ол да жат болады» дегендей, дәл осы мейрам – адамдардың арасындағы қарым-қа-

тынасты нығайтып, бауырмалдықты арттыратын игі дәстүрге айналды. Алыстағы ағайынмен қауышып, көптен көріспеген дос - жаран бір-бірін құттықтап, жүздеріне қуаныш ұялатқан мейрам болды.



Ақпараттық хабарлама

ШАРУА НЕМЕСЕ ФЕРМЕР ҚОЖАЛЫҒЫН НЕМЕСЕ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНДІРІСІН ЖҮРГІЗУ ҮШІН АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МАҚСАТЫНДАҒЫ ЖЕР УЧАСКЕЛЕРІН УАҚЫТША ӨТЕУЛІ ЖЕР ПАЙДАЛАҢ (ЖАЛҒА АЛУ) ҚҰҚЫҒЫН БЕРУ БОЙЫНША КОНКУРСҚА ҰСЫНЫЛАТЫН ЖЕР УЧАСКЕЛЕРІНІҢ ТІЗІМІ «ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ ЖЕР ҚАТЫНАСТАРЫ БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

№	Жер учаскесінің орналасқан жері,жер учаскесінің лот №	Жер учаскесі қандай мақсатқа беріледі	Жалға беру мерзімі,жыл	Жалпы ауданы, га	Алқаптардың құрамы оның ішінде				Топырақтың сапалық сипаттамасы, орташа балл бонитет	Сумен қамтылуы
					Егістік	Жайылымдық	Шабындық	Басқа жерлер		
1	Лот 1, учаске №1, Саралжын ауылдық округі	Ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	10 жыл	1200,0	-	1198,0	-	2,0	11	қамтылған
2	Лот 2, учаске №1 Ш.Берсиев атындағы ауылдық округі	Ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	10 жыл	720,0	-	718,3	-	1,7	11	қамтылмаған
3	Лот 3, учаске №1 Саралжын ауылдық округі	Ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	10 жыл	1000,0	-	998,7	-	1,3	11	қамтылмаған
4	Лот 4, учаске №1 Қайыңды ауылдық округі	Ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	10 жыл	1000,0	-	999,4	-	0,6	11	қамтылмаған

ЕСКЕРТПЕ !!!
Жеке және заңды тұлға болып табылатын қатысушы конкурсқа қатысу үшін мынадай құжаттар ұсынады:
1) конкурсқа қатысуға арналған өтінім;
2) конкурстық ұсыныс;
Конкурстық ұсыныста:
1) Б и з н е с - ж о с п а р (и н в е с т и ц и я л а р д ы ң болжамды көлемі, ауыл шаруашылығы дақылдарын өңдеп-өсіру алаңдары,

ауыл шаруашылығы жануарларының мал басы, қолданылатын агро-технологиялар, ауыл шаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы саласындағы білікті мамандардың болуы, құрылатын жұмыс орындарының саны);
2) Шаруашылықішілік жерге орналастыру жобасын жасау және игеру, ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын

дамыту жөніндегі іс-шараларды орындау жөніндегі міндеттемелер;
3) Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымды пайдалану қағидаларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын орындау, өңірдің мамандануына сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңдары құрылымын әртараптандыру бойынша индикативтік көрсеткіштерді

орындау, ғылыми негізделген агротехнологияларды, фитосанитариялық және карантиндік талаптарды сақтау жөніндегі міндеттемелер қамтылуға тиіс. Конкурстық ұсыныстың беттері нөмірленіп, тігілген түрде мөрленген немесе өшірілмейтін сиямен жазылған жабық конвертте ұсынады, конкурстық ұсыныстың соңғы беті жеке тұлғалар (немесе сенімді өкіл) үшін – қатысушының қолымен және

заңды тұлғалар үшін – бірінші басшының (немесе сенімді өкіл) қолымен және мөрімен (бар болса) куәландырылады. Конкурсқа қатысуға арналған өтінімдерді қабылдау және тіркеу конкурс өткізу туралы хабарлама жарияланған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн өткен соң, 15 (он бес) жұмыс күн аралығында өтінім қабылдау және тіркеу жүргізіледі. Конкурсқа шығарылатын жер

учаскелерінің орналастыру схемасымен жергілікті атқарушы органның интернет-ресурсында, ауылдық округтердің және аудандық жер қатынастары бөлімінің ақпарат бұрыштарынан танысуға болады. Толық ақпаратты «Ойыл аудандық жер қатынастары бөлімі» ММ-нен, байланыс телефондары арқылы 8(71332) 2-18-80 алуға болады.

ИНФОРМАЦИОННОЕ ОБЪЯВЛЕНИЕ

ГУ «ОТДЕЛ ПО ЗЕМЕЛЬНЫМ ОТНОШЕНИЯМ УИЛСКОГО РАЙОНА» ОБЪЯВЛЯЕТ О ПРОВЕДЕНИИ КОНКУРСА ПО ПРЕДОСТАВЛЕНИЮ ПРАВА ВРЕМЕННОГО ВОЗМЕЗДНОГО ЗЕМЛЕПОЛЬЗОВАНИЯ (АРЕНДЫ) НА ЗЕМЕЛЬНЫЕ УЧАСТКИ СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННОГО НАЗНАЧЕНИЯ ДЛЯ ВЕДЕНИЯ КРЕСТЬЯНСКОГО ИЛИ ФЕРМЕРСКОГО ХОЗЯЙСТВА.

№	Номер лота и место расположения земельного участка	Целевое назначение земельного участка	Срок аренды земем.участка	Площадь, га	Состав угодий в том числе				средний балл бонитет	Оснащен реками, озерами
					Пашня	Пастбища	Сенокос	Другие земли		
1	Лот 1, участок №1, Саралжинский сельский округ	Для ведения товарного сельского хозяйства	10 лет	1200,0	-	1198,0	-	2,0	11	Оснащен
2	Лот 2, участок №1 сельский округ им.Ш.Берсиева	Для ведения товарного сельского хозяйства	10 лет	720,0	-	718,3	-	1,7	11	Не оснащен
3	Лот 3, учаске №1 Саралжинский сельский округ	Для ведения товарного сельского хозяйства	10 лет	1000,0	-	998,7	-	1,3	11	Не оснащен
4	Лот 4, участок №1, Кайыңдинский сельский округ	Для ведения товарного сельского хозяйства	10 лет	1000,0	-	999,4	-	0,6	11	Не оснащен

Примечание !!!
Для участия в конкурсе являющийся физическим и юридическим лицами представляет следующие документы:
1) заявка на участие в конкурсе;
2) конкурсное предложение;
В конкурсном предложении:
1) Бизнес-план (прогнозный объем инвестиций, площади возделывания и возделывания сельскохозяйственных

культур, поголовье сельскохозяйственных животных, применяемые агротехнологии, наличие сельскохозяйственного техники и технологического оборудования, квалифцированных специалистов в области сельского хозяйства, количество создаваемых рабочих мест);
2) разработка и освоение внутрихозяйственного земельного устроительного проекта, выполнение мероприятий по

развитию инфраструктуры сельского хозяйства;
3) обязательства по выполнению требований земельного законодательства Республики Казахстан, включая правила рационального использования земель сельскохозяйственного назначения, выполнению индикативных показателей по диверсификации структуры посевных площадей сельскохозяйственных культур в соответствии

со специализацией региона, соблюдению научно-обоснованных агротехнологий, фитосанитарных и карантинных требований.
Предложенияпредставляются в запечатанном конверте, пронумерованым, прошитыми или несмываемыми чернилами, последняя страница конкурсного предложения заверяется подписью участника – для физических лиц (или поверенного) и подписью

первого руководителя (или по доверенности) и печатью (при наличии) – для юридических лиц.
Прием и регистрация заявок на участие в конкурсе производится по истечении 30 (тридцати) календарных дней со дня опубликования извещения о проведении конкурса, в течение 15 (пятнадцати) рабочих дней. С схемой размещения земельных

участков, выставляемых на конкурс можно ознакомиться на интернет-ресурсе местного исполнительного органа, в информационных уголках сельских округов и районного отдела земельных отношений.
Более подробную информацию можно получить в ГУ «Отдел по земельным отношениям Уилского района» по телефону 8(71332) 2-18-80

«ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ ЖҰМЫСПЕН КАМТУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАР БӨЛІМІ» ММ ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ «АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ ҮЙДЕ ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК КӨРСЕТУ ҚЫЗМЕТІ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ БАСШЫСЫНЫҢ БОС ЛАУАЗЫМЫНА ОРНАЛАСУҒА КОНКУРС ЖАРИАЛАЙДЫ.

1.Лауазымдық міндеттері:
-үйде көрсетілетін әлеуметтік көмек бөлімін (бөлімшесін) (бұдан әрі – бөлімше) жалпы басқаруды жүзеге асырады;
-бөлімшенің жұмыс істейтін аумағында тұратын арнаулы әлеуметтік қызметтерге мұқтаж және әлеуметтік қызмет көрсетуге мұқтаж азаматтарды анықтау және есепке алу жұмысын жүргізуді қамтамасыз етеді;
-бөлімше қызметін ағымдағы және перспективалық жоспарлауды ұйымдастырады;
-әлеуметтік көмек түрлері мен нысандарын айқындау, қажеттілікті белгілеу мақсатында жалғызілікті қарттар мен мүгедектің бар адамдардың, еңбекке қабілетсіз азаматтардың материалдық-тұрмыстық жағдайларын тексеру жұмысын ұйымдастырады;
-әлеуметтік көмекке мұқтаж адамдардың дерекқорын қалыптастырады;
-халықты әлеуметтік қорғау саласында арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету стандартына сәйкес бөлімше мамандарының жұмыс көлемі мен қызмет көрсетілетіндердің санын айқындайды;
-көрсетілетін әлеуметтік қызметтердің көлемі және сапасын және олардың қызмет көрсетілетін азаматтардың қажеттіліктеріне сәйкестігін, бөлім қызметкерлері жұмысының тиімділігін ұдайы бақылауды жүргізеді;
-бөлімше жұмысын талдау және болжауды жүргізеді, оның қызметін жақсарту шараларын қабылдайды;
-мұқтаж азаматтардың стационар, жартылай стационар,

уақытша болу жағдайларында жұмыс істейтін мекемелерге немесе ұйымдарға арнайы түзету, оңалту мекемелеріне немесе ұйымдарына орналастыруға жәрдемдеседі;
-бөлімше клиенттеріне әлеуметтік қызмет көрсету мәселелері бойынша денсаулық сақтау, білім беру, қайырымдылық және діни бірлестіктермен өзара іс-қимылды жүзеге асырады;
-халыққа, оның ішінде мұқтаж адамдарға құжаттарын ресімдеуде консультациялық көмек көрсету жұмыстарын ұйымдастырады;
-қамқоршылық, қорғаншылық мәселелерін шешуге қатысады;
-жұмыстың халыққа арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетудің тиімділігін одан әрі арттыруға бағытталған жаңа нысандары мен әдістерін енгізуді және қолданыстағыларын жетілдіруді қамтамасыз етеді;
-бөлімше мамандарының белгіленген құжаттаманы (қатысуды есепке алу және жеке сабақтар журналы, сабақ жоспарлары немесе әлеуметтік-психологиялық, әлеуметтік-педагогикалық қызмет көрсететін мамандардың жұмыс циклограммалары, бала жағдайы мен даму қарқыны жөніндегі құжаттаманы) жүргізуін бақылауды қамтамасыз етеді;
-бөлімше қызметкерлерін оқытуды, тәжірибе алмасуын, біліктілігін арттыруды ұйымдастырады;
-қызметкерлердің еңбек ынталылығын, бастамашылығын және белсенділігін дамытуға ықпал етеді;

-гуманитарлық көмекті қабылдауды, сақталуын және бөлімше қызмет көрсететін адамдар арасында бөлуді қамтамасыз етеді;
-бөлінетін бюджет қаражатының, сондай-ақ қаржыландырудың басқа да көздерінен түсетін қаражаттың ұтымды пайдаланылуын қамтамасыз етеді;
-күнкөрісі төмен еңбек етуге қабілетсіз азаматтарға, мүгедектігі бар баланы тәрбиелеп отырған отбасыларға ақысыз көмек көрсетуге бюджеттен тыс материалдық қаражат тарту іс-шараларын жүргізеді;
-еңбек ардагерлері жұмыс істеген бұрынғы еңбек ұжымдарымен байланыс құрады және оны қолдап отырады;
-қайырымдылық көмек көрсету мақсатында Қызыл Жарты Ай және Қызыл Крест ұйымдарымен, қоғамдық ұйымдармен, кәсіпкерлік құрылымдарымен ынтымақтасады;
-жоғары тұрған ұйымдарға үйде қызмет көрсетудің нысандары мен әдістерін және түрлі заттай көмек көрсету түрлерін жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізеді;
-қажетті есеп беруді, статистикалық мәліметтердің дәйектілігін қамтамасыз етеді;
-ішкі еңбек тәртібі қағидаларының, еңбек қауіпсіздігі және қауіпсіздік техникасы қағидаларының, өртке қарсы нормалар талаптарының сақталуын қамтамасыз етеді
Санаты: А1-3;
Лауазымдық жалақысы: қызмет өткерген жылдарына байланысты:
279 000 теңгеден 300 000 тең

ге дейін.
2.Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:
Біліктілігіне қойылатын талаптар: жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) (әлеуметтік, медициналық, педагогикалық, экономикалық, заң) білім және ұйымның бейініне сәйкес келетін экономикалық-әлеуметтік қызмет түрінде жұмыс өтілі кемінде 3 жыл.
Білуі тиіс:
-Қазақстан Республикасының Конституциясын;
-Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы кодексті;
-Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы кодексті;
-Еңбек кодексін;
-Әлеуметтік кодексін;
-Тіл туралы заңды;
- Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы заңды;
-Баланың құқықтары туралы заңды;
-Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңды;
-Мемлекеттік сатып алу туралы заңды;
халықты әлеуметтік қорғау саясатының негізгі бағыттарын;
ұйым бейінін, мамандануы мен ерекшеліктерін;
- әлеуметтік қызмет түрлерін;
- әлеуметтік жұмыс теориясы мен әдістемесін;
- қарттар мен мүгедектігі бар адамдарға, оның ішінде мүгедектігі бар балаларға қызмет көрсетуді ұйымдастыруды;
-әлеуметтік жұмыс негіздерін;
-социология негіздерін, жеке тұлға психологиясын және зейнеткерлік жастағы адамдарға және мүгедекті-

гі бар адамдарға, мүгедектігі бар балаларға тәрбиелеп отырған отбасыларға көмектің әлеуметтік-психологиялық аспектілерін;
- үй жағдайында науқасты күту жөніндегі санитариялық-гигиеналық талаптарды;
-соғыс және еңбек ардагерлері үшін белгіленген жеңілдіктер мен басымдықтарды;
-әлеуметтік түрлі ортада жұмыс істеу ерекшеліктерін;
-педагогика, психологиялық профилактика, этика және деонтология, психопатология негіздерін;
-қорғаншылықты және қамқоршылықты, үйде қызмет көрсетуді ресімдеу мәселелері жөніндегі әдістемелерді;
-үйдегі әлеуметтік көмекті ұйымдастыру жөніндегі озық отандық және шетелдік тәжірибені;
-шарттар жасау және орындау тәртібін;
-салық және бюджет заңнамасының негіздерін;
-қаржы-шаруашылық қызметті ұйымдастыруды;
-Өрт қауіпсіздігі қағидаларын.
3.Конкурсқа қатысуға үміткер тұлға конкурс өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген мерзімде мынадай құжаттарды ұсынады:
1)конкурсқа қатысу туралы өтініш;
2)жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін;
3) мемлекеттік және орыс тілдерінде түйіндеме;
4)лауазымға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес білімі туралы құжаттардың көшірмелері.
5)еңбек кітапшасының (ол болған кезде) немесе еңбек

шартының көшірмесі, не соңғы жұмыс орнынан жұмысқа қабылданғаны және еңбек шартының тоқтатылғаны туралы бұйрықтардың көшірмелері;
6)«Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрімін детін атқарушысының 2020 жылғы 30 қазандағы №КР ДСМ175/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелінген) бекітілген нысан бойынша денсаулық-жағдайытуралы анықтама. Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс өтіліне, кәсіби даярлық деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігі нарттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жариялымдар туралы құжаттардың көшірмелері, сондай-ақ бұрынғы жұмыс орнының басшылығынан ұсынымдар және т.с.) бере алады.
Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды қабылдау хабарландыру бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде жүргізіледі.
Құжаттар қолма-қол немесе почта арқылы:
Қазақстан Республикасы, Ақтөбеоблысы, Ойыл ауданы Ойыл ауылы, Шернияз 49 мекенжайы бойынша қабылданады (Ойыл аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі).

Толық ақпаратты +7 (71332) 2-19-42 телефоны бойынша алуға болады.

ХАБАРЛАНДЫРУ ОБЪЯВЛЕНИЕ СІБІР ЖАРАСЫ

1.Жобаның атауы: "09.02.2024ж. №5319-УВС барлау мен өндіру келісімшартына сәйкес ҚР Ақтөбе облысындағы Егізқара учаскесінде көмірсутектерді іздеу бойынша барлау жұмыстарының жобасына " Ықтимал әсерлер туралы есеп
2.Әсер ету аумағы: учаске аумағының географиялық координаттары 49°18'19.00" с. е. 54°41'51.04" ш. б. Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы (49°04'25" с. е. 54°39'47" ш. б.) аумағында жобалық жұмыстар жүргізілетін болады
3.Қоғамдық тыңдаулар өткізіледі:тыңдаулар 2025 жылғы 9 сәуірде сағат 15:00-де Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Ойыл а. о., Ақшатау а. Жастар к-сі, 13 мекенжайы бойынша жергілікті уақыт бойынша ашық жиналыстар нысанында өтеді.
Интернеттегі байланыс сілтемесі: https://us06web.zoom.us/j/81329652444?pwd=v2qv1j4hzz7kB92ILYLw7xwk3PXUay.1
9.Конференция идентификаторы: 813 2965 2444
Кіру коды: 144752
4.Жоспарланған қызмет-

тің бастамашысы: "TUMAR PETROL" ЖШС, БСН: 190740012937, Қызылорда қ., Асқар Тоқмағамбетов көшесі, 23, 9-пәтер, байланыс. тел.: 8-775-666-5551, е-mail: v.shin@kzpg.kz.
5.Әзірлеуші: "Timal Consulting Group" ЖШС, БСН: 080440002381. Өкілі: Төлеушова Гүлнар. Байланыстар. Тел. +7 (727) 391-01-21, ішкі. 219, ұялы. 8-771-080-46-59 е-mail: Toleuishova.G@timal.kz
6.Жоба материалдары сайтта орналастырылған: https://ecoportal.kz/ және https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zherpaidalanuy?lang=ru
7.Жоба материалдары бойынша қосымша ақпаратты Атырау қаласы, ш / а мекенжайы мен нөмірі бойынша білуге болады. Нұрсая, Елорда даңғылы, 33-құрылым. Тел: 8 (7122)319877 ішкі.219
8.Ескертулер мен ұсыныстар мына сілтеме бойынша қабылданады: https://ecoportal.kz/ және expert_oos@mail.ru .
9.Қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарландырудың фотосуреті сайтта орналастырылған https://ecoportal.kz/ .

1. Наименование проекта: Отчет о возможных воздействиях к «Проекту разведочных работ по поиску углеводородов на участке Егизкара в Актобинской области РК, согласно контракту, на разведку и добычу УВС№ 5319-УВС от 09.02.2024г.»
2.Территория воздействия: Географические координаты территории участка 49°18'19.00» с.ш. 54°41'51.04» в.д. Проектные работы будут проводиться на территории Актобинской области, Уилского района (49°04'25" с.ш. 54°39'47" в.д.)
3.Общественные слушания состоятся: слушания пройдут в форме открытых собраний 9 апреля 2025 года в 15:00 по местному времени, по адресу: Актобинская область, Уилский район, Уилский с.о., с.Ақшатау, ул. Жастар, 13. Ссылка на онлайн подключение: https://us06web.zoom.us/j/81329652444?pwd=v2qv1j4hzz7kB92ILYLw7xwk3PXUay.1
Идентификатор конференции: 813 2965 2444
Код доступа: 144752
4. Инициатор намеча-

емой деятельности: ТОО «TUMAR PETROL», БИН: 190740012937, г.Кызылорда, улица Аскара Токамагбетова, 23, кв. 9, Контакт. тел.: 8-775-666-5551, е-mail: v.shin@kzpg.kz
5.Разработчик: ТОО «Timal Consulting Group», БИН: 080440002381. Представитель: Толлеушова Гульнар. Контакты. тел. +7(727)391-01-21, вн. 219, сот. 8-771-080-46-59 е-mail: Toleuishova.G@timal.kz
6.Материалы проекта размещены на сайте: https://ecoportal.kz/ и https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanuy?lang=ru
7.Дополнительную информацию по материалам проекта можно ознакомиться по адресу и номеру: г. Атырау, мкр. Нурсая, проспект Елорда, строение 33. Тел: 8(7122)319877 вн.219
8.Замечания и предложения принимаются по ссылке: https://ecoportal.kz/ и expert_oos@mail.ru .
9.Фото объявления о проведении общественных слушаний размещено на сайте https://ecoportal.kz/.

БҰЛ АДАМДАР МЕН ЖАНУАРЛАР ҮШІН ОРТАҚ АСА ҚАУІПТІ ЖҰҚПАЛЫ АУРУ. СІБІР ЖАРАСЫН ЖҰҚТЫРУ КӨЗІ - АУЫЛ-ШАРУАШЫЛЫҚ МАЛДАРЫ. АДАМДАР СІБІР ЖАРАСЫН АУРУ ЖАНУАРЛАРДЫ КҮТПІ-БАҒУ КЕЗІНДЕ, МАЛДЫ СОЮ ,ӨНІМДЕРІН, ТЕРІСІН ӨНДЕУ КЕЗІНДЕ ЖҰҚТЫРАДЫ.
Аудан бойынша Республикалық Кадастрға 3 стационарлық қолайсыз пункт енгізілген. Қараой ауылдық округі , Шобалай нүктесі, Кептоғай ауылдық округі, Тоқты боран нүктесі (1967 жылғы мал қорымдары), Ойыл селолық округі Шобалай төбесі (197жылы ұсақ жандық), жыл сайын осы мал қорымдарынан топырақ сына-малары күйдіргі қоздырғышына зерттеуге алынып облыстық зерханаға тапсырылып отырылады.
Сібір жарасы споралары қоздырғыштары жоғары темпе-рауаға, дизенфекциялауға тұрақты болғандықтан топы-рақта ұзақ сақталады.
Аурудың жасырын кезеңі терілік формада бірне-ше сағаттан 14 күнге дейін сепсистік формада 6-8 күн. Тері бубон түрі кезінде қозды-рғыш енген жер қышып іріңді дақ пайда болып ойық жараға айналады. Науқастың қызуы көтеріліп, денесі құрысады. Ішек түрі кезінде іш ауруы, құсу, дәретіне қан араласып іш ету белгілері болады.
Инфекция көзі:
Адамдар едетте ауруды:
- Малдарға күтім жасағанда;
- Сібір спорасы жұқтырған ма-ларды сойғанда;
- Тері мен жүнін өндеген кез-де;
- Споралар ұзақ уақыт бойы сақталатын топырақтан да жұғуы мүмкін.
- Кез келген ауру малды сой-ған кезде сібір жарасы таяқ-шалары адамға тері жарықта-ры, не кесіп алу кезінде;
ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ САНИТАРИЯЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ БАСҚАРМАСЫ

АЙТТАЙМЫЗ!



«Бастық келе жатқан айт мейрамына 5000 адамға сыйақы беріпті!» деп тақиясын аспаңа атып, қуаңған жұрт қарасы көп екен. Гу-гу әңгіме: - Премия құтты болсын! - Үкіметке рақмет! - Жыл он екі айда бір келген, жарықтық – ораза айт қой бұл! Бұл күнді көрген де бар шығар, көрмеген де бар шығар... - Айттан айтқа аман жетейік! – деген тілектер қаңтардағы бір оқиғаны еріксіз есіме түсірді..

шалап, біраз тұрдық. Дүрсілдеп атылған оқ дауысы естілгенде мүлдем зәре-құтымыз қалмады. Көпір астындағы жылу құбырлары тартылған жертөлеге қашып бірақ кірдік. Қанша уақыт болғанын білмеймін. Әйтеуір өз үрейін жеңгендер көпір үстіне көтеріліп, тұманға сіңіп жоқ болды. Төрт-бес адам үрпісіп, түрегеп тұрмыз. Ауа тарылып, мұңкіген иістен демалу қиындап кетті. - Мынаның да ішіне газ толып кеткен ғой. Ауа жоқ, шықпасақ өлеміз! Жүріңдер! Көпірдің астында кішкене жел соғады,-деді біреу.

Тұман. Лоқсимын. Қолқамды суырып жатқандай, бүкіл іш-құрылысым сыртқа ақтарылатын сияқты. Аузымнан қара суым ағып, көзім ашып, қақалып-шашалып қашып барамын. Жанымдағы құрбымның жайы тіпті мүшкіл. Оны бір жас жігіттер жетелеп, Саин көшесіндегі көпірдің астына бас сауғаладық. Көзім ашып сұрткілей бердім. - Су, су бар ма? Су беріңіздерші! Өтініш, су беріңіздерші... - Апай, жұмаңыз! Шыдаңыз! Улы газ ғой, бұл! Көзіңізді жу-саңыз, одан әрмен ашытады. - Мә, жауыздар ғой, мыналар! Халықты қыра ма? Полицияға біз не істеппіз?! Үкіметке не істеппіз! Газбен атқан деген осындай болады екен ғой! - Тыныш тұрыңыздар! Бізді де жайратып салмай тұрғанда! – деді зілдене бір егде тартқан кісі. - Жігім болдық. Көк түтін сейілгенін күтіп, мойнымыздағы орамалмен мұрнымызды тұм-

шалап, біраз тұрдық. Дүрсілдеп атылған оқ дауысы естілгенде мүлдем зәре-құтымыз қалмады. Көпір астындағы жылу құбырлары тартылған жертөлеге қашып бірақ кірдік. Қанша уақыт болғанын білмеймін. Әйтеуір өз үрейін жеңгендер көпір үстіне көтеріліп, тұманға сіңіп жоқ болды. Төрт-бес адам үрпісіп, түрегеп тұрмыз. Ауа тарылып, мұңкіген иістен демалу қиындап кетті. - Мынаның да ішіне газ толып кеткен ғой. Ауа жоқ, шықпасақ өлеміз! Жүріңдер! Көпірдің астында кішкене жел соғады,-деді біреу. Әиззаның халі кеткен секілді. Жүзі бозарып, көзінің асты көкпенбек болып, ақ пальто-сының арқасына жұққан кірді де елемей құбырға сүйеніп отыр. Қарасам, көзі алайып, басы атқа сылқ түсіп, шалқайып кетіп бара жатыр. - Көмектесіңдер! Жігіттер! Мына қыз талды. Сыртқа шығарайық,-дедім жанталаса айқайлап. Жас жігіттердің бірі қолтығынан демеп, Әиззаның былқ-сылқ еткен денесін көпір астына сүйреп шығарып, жерге жатқыза салды. Былғаныш қар суының шалшығына қолымды малып, құрбымның бетінен шапақтай бастадым. - Шыдашы жаным! Қазір жәрдем шақырамын!-деп жатырмын. - Қайдағы жедел жәрдем! - дейді бір кісі. Ауа жұтсын, әрі

тұрыңыздар! Кеудесін кішке-не ашып қою керек! Қуарып жатқан құрбымды көргенде менен тіпті ес кетті. - Өлмеші, Өзек! Сен өлсең мен шыдамаймын! Өлмеші, құдай үшін!-деп жалынып жылауға көштім. Қабағы дір-дір етіп, өздігінен қыбырлап тірі екендігінен белгі берді де, көзін ашты. Қайда жатқанын түсінбей жан-жағына алая қарап біраз жатты да: - Суық екен! – деп тіл қатты. - Жаным, күнім - деп айналып-толғанып пальтосын қайта қымтап түймелеп жатырмын. - Қазір жәрдем келеді. Алып кетеді, жылынасың! Көзін қайта жұмды. Мен: - Өзек өлмеші! Көзіңді ашшы! Өлі жаз шығады, айт болады. Біз әлі бір-бірімізге айттаймыз! Айттаймыз! Өлмеші!-деп жалынып жыларман болдым. Жақсы бір сөз айтып жұбатып, өмірге құлшындыруым керек екенін түйсігіммен сезіп бір-деңелерді айтып жатырмын әйтеуір. Қар аралас, балшық жерде жатқан басының астына сумкамды төсеп жатып, құрбымды көтерісіп шыққан жігіттің аяғына көзім түсті. Ақ қар үстінде жаздық мыж-мыжы шыққан кедыммен тұр екен. - Шақырма ! – деді әлсіз Әзиза. - Кімді? - Жәрдемді... Көтеріліске шықтыңдар деп ертең жұмыстан шығарып жібереді. - Есің дұрыс па, осында жатып өліп қалсаң, қайдағы жұмыс саған! - Өлмеймін, шыда. Қазір... басылған соң, бір көше жүріп, Нұргүлдікіне жетеміз - деді нықтап. Оның дауысындағы зор сенім, қайрат маған да күш бергендей. Күйлегектеніп, жылап, жалынуды бірден тыйды. Біраз дамылдап алып, ес жиып, үстінде жұрт аяғы бағылған соң, Әзизаны демеп, жүре беріп едім. - Ей, ана тортыңда алсаңшы, обал ғой, ақшаға келген! – деп саң етті Әзиза. Мен мырс етіп, домалап жатқан торты көтердім. Аяғымыз дірілдеп, таяқ тастам бір көше жердің түбі секілді көрініп, Нұргүл құрбымның

үйіне әрең жете бергенде кө-не шеде, ақ қарға сіңе,жайылған қызыл қан үстінде жатқан бір кісіні көзіміз шалды. - Қарама! Қарама! Ол жаққа! – деп денесімен көлегейлеп, жылап жіберді Әзиза. - Тоқташы! Жәрдем шақырайық! - Қанша жедел болса да, көмектесе алмайды-ау, енді оған! Обал ғой! - Тоқтама! Обалшылын! Қазір сені де қылжитса, шиеңтей сенің балаларыңа обал емес пе? Ойбай, полиция келеді! Тапырлап тағы жүгірдік, үй жақтауына айнала бергеніміз сол, алдымыздан екі полиция атып шықты. Олар да, біз де күтпеген жерден кездескенімізге үрпісе қалдық. Бірақ, біз ойлану үлгергенше білгімізден шап беріп, тас қылып ұстап алды. Қазақ екен әйтеуір. - Құдай үшін, жіберіңдерші! Менің үш балам бар! - деп қинала, дәл осы сәтте толғатып тұрғандай тіл қатты Әзиза. - Менің төрт балам бар! Жіберіңдерші! Сендердің де біз сияқты аналарың бар шығар? – шырылдап, көп нәрсенің айтып, жалынып тұрмыз. Көзім полицией жігіттің етігіне түсті. Етігінің басы қан. Қатып үлгермеген, қошқыл, қою қан. Етігіне де, жеңіне де қан жұғыпты. Басым айналып, теңселіп кеттім. Жіберді. Ары қарай үңсіз жүгіре басып, көп қабатты үйге зытып кірдік. Ақ пальтомыз қап-қара, бетіміз сағал-сағал кір, мырылған тортымызды көтеріп, еңтігіп кіріп барып, Нұргүлді құшақтап-көрісіп, ұзақ жылап едік сонда. Терезеден төнген тұман барлығын күрделендіріп жіберді. Бұлыңғыр. Белгісіз. Түтінге оранған байқұс қалаға қарап, ақкөңіл халқымызды аяп, қаңтарда, ақ қарда жаздық аяқ киіммен жүрген жастарымызды аяп, жазықсыз төгілген қандай ойлап, кез-келген жағдайда обал-сауап деген нәрсені қағидат етіп сүріп келе жатқан ғазиз өміріміздің астаң-кестеңі шыққанына налып, кір шалған көңілімізді жу-мақ болып ұзақ-ұзақ солқылдап жылаған едік. *** Айттан айтқа жанымыз аман жетсін ... ADEBIPORTAL.KZ

ТУЛЯРЕМИЯ — КЕНЕДЕН КЕЛЕТІН КЕСЕЛ

Кенелердің шағып алуы кезінде жұғатын аса қауіпті табиғи-ошақты инфекциялық ауру. Ауданымызда Ойыл, Саралжын, Қайыңды, Ш.Берсиев атындағы селолық округтерде туляремияның табиғи ошақтары бар. Осы аймақтардың тұрғындарына жыл сайын туляремияға қарсы жоспарлы екеп жасалып, аудан аумағы бойынша көктемде кенелердің белсенді кездерінде туляремия қоздырғыштарының айналымына бактериологиялық зерттеулер жүргізу үшін санитариялық-эпидемиологиялық сала мамандары обаға қарсы күрес бөлімшесімен жыл сайын кенелер жиналып, өзен сулары, жем-шөптер зертханаға жіберіледі. Сондай-ақ, осы аймақтарда жыл сайын сәуір-мамыр айында жаппай дезинсекция, дератизация жұмыстары жүргізіледі. Аурудың қоздырғышы – туляремия бактериясы. Табиғатта аурудың негізгі көзі – жабайы кеміргіштер мен қояндар. Тасымалдаушылары әрі сақтаушылары – буынаяқты қансорғыштар мен иксодтық кенелер. Жылдың көктем-жаз мезгілдерінде ауру өршиді. Инкубациондық (жасырын) кезеңі – орта есеппен 3-7 күннен 3 аптаға дейін. Ауру қатты басталып, дене қызуы 38-40 градусқа дейін көтеріліп, адам қалтырап, басы қатты ауырып, әлсіреп, бұлшық еттері ауырады, безі шошынып ісіп кетеді. 2-3 күні ағзаға микроб кірген жердің маңайында (мойын, құлақ тұсында, қолтық ойығында, шабында, т.б. жерлерінде) лимфа түйіндері ұлғаяды. Баспа (ангина), көз ауруы, қыс кезінде ұзаққа созылатын өкпе қабынуы аурулары байқалады. Аурудың пайда болу ерекшеліктері, көбінесе бактериялар қандай

жолмен ағзаға келіп түскендігіне байланысты. Туляремиямен бір рет ауырған адам оны екінші рет өмір бойы қабылдамайды, иммунитеті төзімді болады. Адамдар кене шаққан кезде тұрғылықты жері бойынша емдеу мекемесіне дереу қаралып 21 күн диспансерлік бақылауда болу қажет. Кенені қолмен алып тастауға болмайды, линцетпен немесе жіппен алып тастау керек. Кене шаққан жерге йод жағып, қолды мұқият сабындап жуу қажет.

Алдын алу шаралары:
1. Тұрғын ғимараттар, елді мекендердің маңайын қаулап өскен шөптерден тазарту, аумақтардағы бей-берекет қоқыстарды жою.
2. Балық аулағанда, табиғат аясында демалғанда, аңдардың терісін дайындағанда және зарарсыздандырған кезде репелленттерді қолдану (маса, шыбын, кене шағудан қорғайтын құралдар) және арнайы қорғаныс киімдерін қолдану
3. Құдықтарды, бұлақтарды, азық-түлік өнімдерін кеміргіштерден қорғау
4.Туляремия бойынша энзоотикалық аумақтардағы тұрғындардың барлығына екеп жасалады, 7 жасқа дейінгі балаларға және 55 жастан асқан тұлғаларға екеп жасалмайды.
5.Вакцинация иммунитетті 5 жылға дейін қамтиды, 5 жыл өткен соң қайта екеп жасалады.
Ғ. ҚҰБАЕВ,
Ойыл аудандық санитариялық эпидемиологиялық бақылау басқармасы басшысы .
С. ҚАЛДЫҚҰЛОВА,
ҰСО Ақтөбе облысы филиалының Ойыл аудандық бөлімшесі басшысы.

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров
Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көкжар көшесі, №69, 3 қабат
Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07.

Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады. Таралымы 1422 дана. Тапсырыс 367 Көлемі 1 баспа табақ, индекс 65525

«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2. Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.

БАЛАҒА БҒЙМЕСІГІА ЖҰРУҒЕ БОЛМАЙДЫ!

ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ БІЛІМ БӨЛІМІ КӨМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАР АРАСЫНДАҒЫ ҚЫЛМЫСТАР МЕН ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ МАҚСАТЫНДА АУДАНДЫҚ ПОЛИЦИЯ БӨЛІМІМЕН БІРЛЕСКЕН ТҮНГІ РЕЙДТІК ШАРАЛАРЫН ТҰРАҚТЫ ТҮРДЕ ЖҰРГІЗІП КЕЛЕДІ.

Көмелетке толмағандардың түнгі уақытта заңды өкілдерінсіз сағат 22-ден таңғы 6-ға дейін ойын-сауық мекемелерінде және тұрғынжайдан тыс жерде сағат 23-тен таңғы 6-ға дейін жүруіне заңмен тыйым салынған. Аталған талаптар бұзылған жағдайда көмелетке толмағандардың заңды өкілдері Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 612-бабында көзделген әкімшілік жауаптылыққа тартылады. Мәселен, 2024 жылы 2 көмелетке толмаған жасөспірім көлік құралын басқарғаны үшін Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 612-бабы 2-бөлігімен әкімшілік жауапқа тартылды. Егер көмелетке толмағандар көлік құралдарын басқарған жағдайда, олардың заңды өкілдірі мен көлік иесіне қатысты Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 127-бабы 3-бөлігі және 612-бабы 5-бөлігінде көзделген жауаптылықтар қарастырылған. Осыған байланысты көмелетке толмағандарға қатысты заңмен реттелген шектеулердің орындалуын қамтамасыз ету қажет.

Ынтымақ ЖАҚСЫЛЫҚ, Ойыл ауданының білім бөлімінің әдіскері.

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрінің 02.12.2014 жылғы №862 бұйрығымен бекітілген ережемен реттелген. Көлік басқару құқығы жоқ адам көлік құралын басқарғаны үшін Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 612-бабында көзделген әкімшілік жауаптылыққа тартылады. Мәселен, 2024 жылы 2 көмелетке толмаған жасөспірім көлік құралын басқарғаны үшін Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 612-бабы 2-бөлігімен әкімшілік жауапқа тартылды.

Егер көмелетке толмағандар көлік құралдарын басқарған жағдайда, олардың заңды өкілдірі мен көлік иесіне қатысты Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 127-бабы 3-бөлігі және 612-бабы 5-бөлігінде көзделген жауаптылықтар қарастырылған. Осыған байланысты көмелетке толмағандарға қатысты заңмен реттелген шектеулердің орындалуын қамтамасыз ету қажет.

Ынтымақ ЖАҚСЫЛЫҚ, Ойыл ауданының білім бөлімінің әдіскері.

АҚТӨБЕЛІК ЖАС ВОЛЕЙБОЛШЫЛАР – ЕЛ ЧЕМПИОНАТЫНЫҢ ҚОЛА ЖҮЛДЕГЕРІ!

СПОРТ – ТЕК ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ ҒАНА ЕМЕС, МІНЕЗДІҢ ШЫНДАЛУЫ, ЕРІК-ЖІГЕРДІҢ СЫНАЛУЫ. ОЙЫЛДЫҚ ДАРЫНДЫ ЖАСӨСПІРІМ ДИАС АМАНГЕЛДІ БАСТАҒАН АҚТӨБЕ КОМАНДАСЫ МҰНЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ 2012-2013 ЖЫЛЫ ТУҒАН ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДАҒЫ КӨКТЕМГІ ЧЕМПИОНАТЫНДА ДӨЛЕЛДЕЙ АЛДЫ.

ТАТ РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ АҚТӨБЕЛІК ЖАС ВОЛЕЙБОЛШЫЛАР



Турнир өте тартысты өтті. Әр команда жеңіс үшін барын салып, ойын алаңында ерік-жігерін көрсетті. Ақтөбелік жас спортшылар да намысқа тырысып, турнир барысында шеберліктерін паш етті. Нәтижесінде, команданың негізгі ойыншысы 7-сынып оқушысы Диас Амангелді ерекше өнер көрсетіп, үздік ойыншылардың қатарынан көрінді. Бұл додада Ақтөбе құрамасы жүлделі үшінші орынға ие болды. Бұл – ұзақ дайындықтың, жаттығу залындағы тегілген тердің ақталғаны. Ал жалпы төрт маусымдық чемпионат қорытындысы бойынша ко-

манда 2 алтын, 1 күміс және 1 қола медаль еншілеп, өңір спортының мәртебесін тағы бір мәрте асқақтатты. «Табандылық – жеңістің кепілі» демекші, жас волейболшымыз өз еңбегімен биікке көтерілді. Бұл жетістік – жаттықтырушы Нұрлыжан Мұқашевтың қажырлы еңбегінің нәтижесі. Диас Амангелді бұған дейін де өз шеберлігімен көзге түсіп, газетімізде оның жетістіктері жайлы жазған болатымыз. Бұл жеңістер – оның табандылығы мен спортқа деген сүйіспеншілігінің айқын дәлелі.

ОЙЫНШЫҚТЫҢ БӘРІ ҚАУІПСІЗ БЕ?

ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ НАРЫҚТА БАЛАЛАР ОЙЫНШЫҚТАРЫНЫҢ АЛУАН ТҮРІ БАР. БАЛАЛАРҒА ТЕК ҚЫЗЫҚТЫ ҒАНА ЕМЕС, СОНЫМЕН ҚАТАР ОЛАРҒА ПАЙДАЛЫ БОЛАТЫН ОЙЫНШЫҚ БАЛАНЫҢ ЖАСЫНА САЙ ӘРІ ҚАУІПСІЗ БОЛУЫ КЕРЕК.

Қауіпсіз ойыншықты таңдаудың басты шарты - са-тушыдан оның сапасы мен қауіпсіздігін куәландыратын тиісті сертификатты талап ету. Сертификаттың болуы ойыншықтардың зертханада зерттелгенін және химиялық, радиациялық, токсикологиялық тексеруден өткенін көрсетеді. Әрібір ата-ана ойыншықтарды са-тып алмас бұрын мұқият мән беру керек. Әсіресе ойыншықтардың таңбала-нуы көп жағдайда талапқа сәйкес келмейді. Таңбала-уда ойыншықтың атауы, шығарылған ел атауы, өн-дірушінің аты мен орны, дайындаушының тауар белгісі (бар болса), ойын-шықтың шикізаты, қандай жастағы балаға арналатын-дығы туралы пиктограмма, жарамдылық мерізімі, қажет болған жағдайда сақтау шарттары, ойыншықты қол-дану кезіндегі қауіпсіздік шаралары, ескерту жа-дынамалары ,ойыншықты күту тәсілдері (қажет болған жағдайда) болуы шарт.

Әр ойыншықтың өзіндік функционалдық мақсаты болады және ойыншықтар арқылы ба-лалардың сөйлеу қабілетін

дамытамыз. Балаларға арналған ойыншықтарды таңдаған кезде төменде көрсетілген қауіпсіздік та-лаптарына назар аудару керек;
1. Ойыншық пен қауіпсіз жа-быны жасалған қауіпсіз ма-териал;
2. Жағымсыз өткір иістің болмауы;
3. Беріктігі,
4. Қауіпсіз құрылым. Өткір жиектері мен қылаудың, саусағын кіргізуге болатын ұсақ саңылаулар мен тесік-тердің болмауы;
5. Қауіпсіз дыбыс. Баланың есту қабілетін зақымдауы мүмкін қатты, ащы және құлақ жаратын дыбысы бар ойыншықтардан аулақ бо-лыңыз;
6. Тыныш және әуезді ды-быстар шығаратын ойын-шықтарды таңдаңыз;
7. Сапа кепілдігі;
8. Ойыншықтарды ескертпе жазбаларында көрсетілетін жас санаттарына сәйкес таңдау керек, сонымен қа-тар ойыншықтарды қауіпсіз пайдалану ережелеріне на-зар аудару қажет.

Ғ.ҚҰБАЕВ, Ойыл аудандық санитари-ялық- эпдемиологиялық бақылау басқармасының басшысы.

ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ТАҒАМДАРЫНЫҢ АТАУЛАРЫ ҚАЙДАН ШЫҚҚАН?

БАУЫРСАҚ
Ашытқы қосылған неме-се ашытқысыз қамырдан жасалған, әр түрлі пішінде кесілген және майға пісіріл-ген ұлттық тағам. Бауырсаққа сойылған малдың шығы-рылып алынған тоң майы қол-данылады.
Пішініне қарай бауырсақтар-дың бірнеше түрі бар, олар: ши (ұсақ) бауырсақ, ақ ба-уырсақ, шай бауырсақ, тәтті бауырсақ, ашытқы бауырсақ, «бармақ» бауырсақ және түйе бауырсақ.
Дәстүр бойынша бауырсақ қа-зақтар жеке ыдысқа салмай-ды, керісінше тікелей дастар-ханға шашады, бұл молшылық пен өркендеуді білдіреді.
«Бауырсақ» сөзінің өзі «жақын, туған, ұйымшыл» де-генді білдіреді.

ШЕЛПЕК
Ашытқы қосылған немесе ашытқысыз қамырдан жа-салған, майға қуырылған жұқа нан. Құран бағыштап, ата-ба-баларды еске алуға арналған рәсімдерде шелпек арнайы пісіріліп, дастарханға қойыла-ды.

ҚҰРТ
Ашыған айраннан жасалған ұлттық тағам: пісіліп, майы алынған айранды қайнатаы, кенеп дорбада суын сорғытып алып, тұздап, алақанға салып сығып, пішінге келтіріп ереде кептіреді.
Құртты жазда, ақ мол кезде әзірлейді. Оның дәмі қолда-нылған сүтке байланысты: қой сүтінен — майлы, қызғылт реңкті, үгітілген болып келеді, сиыр сүтінен жасалған құрт қатты және көкшіл түсті бо-лады. Құрт пайдалы коректік заттарға бай, кептірген кезде құндылығын жоғалтпайды, сондықтан оны шопандар, са-парға шыққандар және жауын-герлер жолға алып жүретін болған.
Құрттың бірнеше түрі бар:
— жас құрт;
— көбік құрт;
— ыстық құрт (ыстық, енді дайындалған құрт);
— сықпа құрт немесе сүзбе құрт;
— малта құрт (ұзақ уақыт кеп-тірілетін құрттың қатты түрі);
— езген құрт;
— ақ малта (ұсақ құрт);

— ұнтақ құрт;
— ежігей немесе ежегей құрт (жұмсақ құрттың бір түрі).
Құрт сөзі түріктің «қуру» деген сөзінен шыққан, құрғақ деген мағынаны білдіреді.
БАЛҚАЙМАҚ
Бұл жаңадан алынған сұйық қаймаққа қант, бал және ұн қосып қайнату арқылы дайын-далған тәтті тағамның атауы. Сондай-ақ, балқаймақ деп жаңа сауылған түйе сүтінен қоюланғанға дейін ұзақ уақыт қайнату арқылы алынған тағамды да айтады. Тұрған сүттен жасалған балқаймақ соншалықты дәмді болмайды. Балқаймақ тәтті ғана емес, оның құрамында көптеген пайдалы дәрумен бар, имму-нитетті нығайтады.
Балқаймақ — бал және қай-мақ деген екі сөздің қосынды-сынан туған.

ЖЕНТ
Бұл үгітілген тары мен сүзбе, май мен қант қосылып жа-салған ұлттық тағам. Дәстүр-лі жент қызыл ірімшіктен, үгітілген жармадан әзірле-неді. Оған еріген сары май немесе шығғырылған жылқы майы (шыртылдақ) қосылады. Тағамдық нәрі мол, бұзылмай-тын жентті қысқа арнайы әзір-леп сақтаған, жолға алып, құр-метті қонақтың алдына қойған. Қосылатын дәмдерді ұн-тақтап, сары май қосып ара-ластырып, кейін ұзақ уақыт сақтау үшін ыдысқа тығыздап салып, түйеді. Қазір оған бал мен мейіз қосатын болған.
«Жент» сөзі тағамның дәмі мен пішінін ұзақ уақыт сақта-уға мүмкіндік беретін тығыз-дау процесі — жентектеумен байланысты.

МАЙСӨК
Қуырылған бидайдан неме-се тарыдан жасалған тағам. Құрамы жентке ұқсас, бірақ оған қызыл ірімшік қоспайды. Майсөкті Жаңақорған және Түркістан өңірлерінде бала-ны бесікке салу рәсімі кезінде көршілерге, туыстарға, құр-былары мен әйелдерге беріп, дәм татыру дәстүрі бар. Оған себеп — тағам құнарлылықты, өркендеуді және өсуді біл-діретін дәндер мен майдан дайындалады.

ЕТ АСУ
Бұл — дәстүрлі қазақ тағамы.



Қонақтарға және мерекелерде көбінесе жылқы еті немесе қой еті асылады. Ешкі мен түйенің еті өте сирек қолданылады. Етті мүшелеп пісіреді және дастарханға әр мүшесін көр-сетіп, тұрамай тұтас апарады. Табақ тарту — үлкен өнер, оның өз жөн-жосығы бар. Әр табақ қонақтың дәрежесі мен жасына, жолына қарай тартылады. Осыған орай бас табақ, сый табақ, күйеу табақ, келін табақ, жай табақ және басқалары болып бөлінеді. Сойылған қойдың басы қадір-лі, сыйлы адамға, әулеттің үл-кеніне немесе құдаға беріледі. Бас тартылған қонақ алдымен өзі ауыз тиіп, жанында оты-рғандарға көделеп үлестіреді.

ҚАЗЫ
Қазы тек жылқы етінен ғана жасалады, жылқы қабырға-сының еті тұздалып, түрлі дәмдеуіштер қосылып, май-ымен ішекке айналдырылады. Дұрыс айналған қазы жұмыр, сырты тілінбеген болады. Оны жел өтіне қойып кептіреді не-месе түтінге қойып ыстайды. Сүрленген қазы әсіресе дәмді. Қазыны майына қарай бірне-ше түрге бөледі:
— Жылт қазы — майсыз қазы;
— Бұлт қазы — орташа май-лы;
— Пышақ сырты қазы — май-дың жұқа қабаты бар;
— Шынашақ қазы — өте май-лы және жұмсақ қазы.
Қабырғадағы май қалыңдығы-ның да өз атаулары бар: егер

майының ені бір саусақтың қа-лыңдығындай болса, оны «бір өлі», екеуін — «екі өлі» деп атайды. Дайындау барысын-дағы қазының санына қарай қос қазы және сыңар қазы деп ажыратады.
Қазы ең құрметті қонақтарға, соның ішінде «сый табаққа» салады.

ЖАЛ-ЖАЯ
Жал-жая — қазақтың дәстүр-лі тағамдарының бірі, ол жылқының мойын және жам-бас бөлігінен дайындалады. Ет алдымен тұздалып, бір-неше сағат бойы тұздықта сақталады, сосын 14-18 сағат бойы қою түтінде ысталады. Жал-жаяны ыстықтай да, суық түрде де жегуге болады. Қысқа сойған соғым еті таусылуға жақындаған кезде, ол басқа мүшелердің орнына ұсыныла-ды.
Этнографиялық деректерде көшпенділердің ұзақ сапар-ларға өздерімен бірге кеп-тірілген жалды алып жүріп, оны сору арқылы аштықтан аман қалған.

ҚЫМЫЗ
Қымыз — қазақтың ұлттық су-сыны, ол биенің сүтінен дай-ындалады. Сүт арнайы ыдыс — сабаға құйылып, ашытыла-ды. Шаруашылықтағы биелердің саны отбасының әл-ауқаты-ның көрсеткіші. Халық ара-сында «қымыз бітті» деген сөз қолданылмаған, оның орнына «қымыз байыды» деп айтқан.

Қымыздың бірнеше түрі бар, ол дөміне, қоюлығына және әзірлеу уақытына байланысты бөлінеді:
Уыз қымыз — жаңа туған би-енің сүтінен жасалған қою қы-мыз;
Бал қымыз — тәтті, майлы қы-мыз, оған бал қосылады;
Жуас қымыз — жұмсақ қы-мыз, саумал қосылғандықтан қышқылдығы азаяды;
Түнемел қымыз — бір түн тұрған қымыз;
Құнан қымыз — екі түнегенн-нен кейін қотарылатын қымыз;
Дөнен қымыз — үш түн тұрған, қуатты қымыз;
Бесті қымыз — төрт-бес түн сақталып, ашуы әбден жеткен қымыз.
Қысырдың қымызы қыс айла-рында ауру адамға немесе үлкен той-думандарға, кейде өте сыйлы қонақтарға арнап, жазда қысыр қалған, бірақ тайы еміп жүрген бие сүтінен дайындалады.
Қымыз көптеген ауруға ем, әсіресе тыныс алу жолдары мен иммундық жүйені нығайту үшін тиімді.
«Қымыз» сөзі қыпшақтың qimiz деген сөзі, ежелгі түрік ескерткіштерінде кездеседі.

САУМАЛ
Саумал — жаңа сауылған, әлі ашып үлгермеген биенің сүті. Ол өз алдына пайдалы сусын болып есептеледі. Саумал — жеңіл сіңетін, биологиялық құндылығы жоғары және асқа-занға ауыртпалық жасамай-тын табиғи өнім.
«Саумал» сөзі түріктің «sau» (сауу) сөзінен шыққан және жаңа ғана сауылған сүтті біл-діреді.

ШҰБАТ
Түйе сүтін ашыту арқылы дай-ындалған сусын шұбат деп аталады. Ол қымызға қараған-да қою әрі майлы болады. Жаңа сауылған сүт алдымен салқындалатылады, содан кей-ін дайын шұбат қоспасы — ашытқымен араластырыла-ды. Шұбатты торсықта немесе ағаш күбіде ашытқан. Ол бір тәулікте өз бабына келеді. Су-сында адамға берер алдында шайқап, көпіршігін жақсылап араластырып ұсынады. Шұбат — өкпе дертінің барлық түріне ем.

Шұбат сөзі «шұбау», яғни,

шайқау сөзімен байланысты.
АЙРАН
Айран — бұл қышқыл сүтті сусын, ол әртүрлі малдардың сүтінен, негізінен сиыр, қой немесе ешкі сүтінен дайында-лады. Айран жасау үшін сүтке ұйытқы қосылады. Нәтижесін-де сүт ұйып, айранның пайда болуына себепші болады. Ай-ранның бірнеше түрі бар. Мы-салы:
Қатық айран — қой немесе ешкі сүтінен дайындалған қою айран;
Кілегей айран — сиыр сүтінен жасалған сұйық айран;
Қойырtpaқ — сүтпен арала-стырып сұйылтылған айран түрі;
Шалап — айранды суға қосып, сергітетін, сусағанды басатын түрі.
Айранның денсаулыққа пай-дасы өте зор. Ол асқан-і-шек жолдарының жұмысын жақсартып, ағзадағы пайда-лы бактериялардың көбеюіне ықпал етеді. Айранның құра-мында дәрумендер мен ми-нералдар мол, бұл адамның иммундық жүйесін нығайтуға көмектеседі. «Айран» сөзі ежелгі түріктің adır (бөлу) зат есімді құрайтын-ап жұр-нағымен қосылып жасалған.

АҚ НЕМЕСЕ АҒАРҒАН
Ақ немесе ағарған — сүтпен байланысты барлық өнімдерді білдіреді. Бұған айран, сүзбе, қатық, ірімшік, май және құрт секілді сүт өнімдері жатады. Сонымен қатар, оған қазақ халқының ұлттық сусындары — қымыз бен шұбат да кіреді. Қазақ халқында сүт өнімдері ерте көктемнен бастап, қысқа дейін негізгі азықтардың бірі болған. Тек жылдың жылы ке-зеңінде ғана тұтынып қоймай, қысқа да әзірлеп, сақтаған. Молшылықтың белгісі ретінде сүт өнімдері қазақ халқының тұрмысында ерекше маңы-зға ие болған. Қазақтар үшін сүт — тек тамақтанудың не-гізі ғана емес, сонымен қа-тар әл-ауқат пен байлықтың белгісі. Бұл жайлы халықтың «Ағы бардын бағы бар» деген мақалы айқын айтады. Бұл мақал молшылық пен сүттің бір-бірімен тығыз байланысын көрсетеді.

Ақерке ДӘУРЕНБЕКҚЫЗЫ, inform.kz